

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 4 қазан N 78 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 9 қараша N 1280 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 20 тамыздағы N 169 бұйрығымен (V032468).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мынадай бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 8 қаңтардағы N 3 б ұ й р ы ғ ы н а :

аталған бұйрықпен бекітілген Нотариустардың сынақтан өтушілері туралы е р е ж е д е :

- 1) 3-тармақтағы "дейін" деген сөз "кейін" деген сөзбен ауыстырылсын;
- 2) 6-тармақтағы "үш" деген сөз "алты" деген сөзбен ауыстырылсын;
- 3) 10-тармақтағы "(егер сынақтан өтуші мемлекеттік нотариуста сынақтан өткен болса) әділет басқармасында, не (егер сынақтан өтуші жекеше нотариуста сынақтан өткен болса) нотариалдық палатада тіркеледі" деген сөздер "(егер сынақтан өтуші мемлекеттік нотариуста сынақтан өткен болса) әділет басқармасының бастығымен, не (егер сынақтан өтуші жекеше нотариуста сынақтан өткен болса) нотариалдық палата төрағасымен бұрыштама қойылады және тиісті журналда тіркеледі." деген сөздермен ауыстырылсын;
- 4) 11-тармақ алынып тасталсын;
- 5) 14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Осы Ереженің талаптары мемлекеттік нотариустарға және нотариус болып істеген адамдарға, егер олар бұл қызметте кемінде алты ай жұмыс істесе, қ о л д а н ы л м а й д ы . "

2. Әділет министрінің 1998 жылғы 13 наурыздағы N 177 бұйрығына : аталған бұйрықпен бекітілген нотариаттық қызмет құқығына лицензиялар беру тәртібі туралы Ережеде:

- 1) 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Лицензиар лицензияны беру туралы мәселені мынадай құжаттардың негізінде қ а р а й д ы :

- 1) лицензия беру туралы өтініш;
- 2) Әділет біліктілік алқасының біліктілік емтиханын тапсырған нәтижелері

және ұсынымды тапсырғаны туралы шешімі;

3) Лицензиялық алымды төлеу туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі .

Бұрын нотариус болып жұмыс істемеген адам сынақтан өту туралы шарттың көшірмесін, бұйрықтың немесе одан сынақтың жетекшісін тағайындау туралы үзіндісінің көшірмесін және одан өту нәтижелері туралы қорытындыны қосымша ұсынады . " ;

2) 8-тармақтағы "ӘБА-ның ұсынымын алғаннан кейін" деген сөздер "барлық қажетті құжаттарымен бірге өтініш берген күннен бастап" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3) 9-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"- қызметтік міндеттерін атқару кезінде теріс қылықтары және заңдылықтарды бұзғаны үшін әділет, прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, кеден қызметі, салық полициясы, анықтау, тергеу органдарының судьясы, қызметкері қызметінен босатылса ;

- осы Ереженің 6-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттарды тапсырмаса ;

- нотариаттық қызмет құқығымен айналысу құқығына лицензиялық алым бермесе . " ;

4) 10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Лицензия беруден бас тарту кезінде өтініш иесіне лицензия беру үшін белгіленген мерзімде дәлелденген жазбаша түрде жауап беріледі.

Бас тарту туралы шешім сот тәртібімен шағымдана алады." ;

5) 11-тармақ алынып тасталсын ;

6) 13-тармақтағы "жеті" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын ;

7) мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Тегін, атын, әкесінің атын, төлқұжаттық деректерін және тұратын жерін өзгерткен жағдайда нотариус лицензияға бір айлық мерзімде көрсетілген мәліметтерді растайтын қосымшалармен тиісті құжаттарды жазбаша хабарлауға міндетті . "

8) 15-тармақтағы "Бұл жағдайда жекеше нотариус лицензиясының күші оның мемлекеттік нотариус қызметімен шұғылдану мерзіміне тоқтатылады." деген сөздер алынып тасталсын .

3. Әділет министрінің 1998 жылғы 21 қаңтардағы N19 бұйрығына :

Аталған бұйрықпен бекітілген Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиялар беру тәртібі туралы ережеде:

1) ереженің атауындағы және 1-тармақтағы "айналысуға" деген сөз "айналысу құқығына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) 6-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

" Ө т і н і ш к е :

1) біліктілік емтиханын тапсыру нәтижелері және ұсыным беру туралы
Әділет біліктілік алқасының шешімі;

2) лицензиялық алым төлеу туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының
көшірмесі қоса беріледі.";

3) 9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Лицензия беруден, егер адвокаттық қызметпен айналысу құқығына
лицензиялық алым берілмеген жағдайда, бас тартылады.";

4) 10-тармақ алынып тасталсын;

5) 11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Лицензия беруден бас тарту кезінде өтініш иесіне лицензия беру үшін
белгіленген мерзімде дәлелденген жазбаша түрде жауап беріледі.

Бас тарту туралы шешім сот тәртібімен шағымдана алады.";

6) 12 және 13-тармақтар алынып тасталсын;

7) 15-тармақтағы "7" саны "10" санымен ауыстырылсын.

4. Әділет министрінің 1998 жылғы 13 наурыздағы N 178 бұйрығына :
аталған бұйрықпен бекітілген Жекеше нотариустарды есептік тіркеу тәртібі
т у р а л ы е р е ж е д е :

1) 4-тармақ мынадай мазмұндағы 1-тармақшамен толықтырылсын:

" 6) еңбек кітапшасы.";

2) мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Жекеше нотариусқа оның қызмет аумағын анықтағаннан кейін
аумақтық орган Әділет министрлігіне тіркеуден өткен нотариустың жеке
сауал-сұрағын және нотариустың төлқұжаттық деректері, оның тұрған жері,
тұратын жері өзгерген жағдайда 40 күн ішінде қосымша мәліметтерді жібереді.";

3) мынадай мазмұндағы 13-тармақпен толықтырылсын:

"13. Аумақтық нотариалды палата мүшесінен шығарған жағдайда жекеше
нотариус тиісті әділет басқармасының есебінен шығарылуы тиіс, бұл туралы
есептік тіркеу кітабында белгі қойылады.".

5. Аталған бұйрықпен бекітілген Жекеше нотариустарды есептік тіркеу
тәртібі туралы Ереженің N 1 қосымшасы мынадай мазмұндағы 8-тармақпен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"8. Еңбек кітапшасының көшірмесін".

6. Аталған бұйрықпен бекітілген Жекеше нотариустарды есептік тіркеу
тәртібі туралы Ереженің N 2 қосымшасы мынадай мазмұндағы 8-тармақпен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"8. Нотариустың азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандыруы

" .

